



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық  
университеті**

«Есеп және қаржы» кафедрасы

5В050900 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған  
«Шет мемлекеттердің қаржысы» пәнінен эссе орындау бойынша

**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

Орал 2015

**ББК 65. 268**

**Қ 41**

Абдешова А.Ш., э.ғ.м., аға оқытушы

Сын – пікір беруші: Қазамбаева А.М., э.ғ.к., доцент

5В050900 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған  
«Шет мемлекеттердің қаржысы» пәнінен эссе орындау бойынша  
**ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ**

16 сәуір 2015ж. № 9 хаттамасымен «Есеп және қаржы» кафедра отырысында қаралды.

28 сәуір 2015ж. № 9 хаттамасымен Экономика және бизнес факультетінің оқу - әдістемелік бюросымен ұсынылды.

сәуір 2015ж. № хаттамасымен университеттің оқу - әдістемелік кеңесімен келісілді.

5В050900 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған «Шет мемлекеттердің қаржысы» пәнінен эссе орындау бойынша әдістемелік нұсқау эссені орындау және оны қорғау бойынша, эссенің тақырыптарын таңдау, оның құрылымын анықтау, эссенің безендірілуі, эссенің қорғауға ұсынылуы және оның қорғау тәртіптері бойынша негізгі нұсқауларды қарастырады.

**© РМК «Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университеті», 2015**

## Мазмұны

Кіріспе.....	4
1. Эссе орындаудың мақсаты мен міндеттері.....	5
2. Эссе тақырыптары.....	7
3. Эссе құрылымы мен мазмұны.....	11
4. Эссе орындаудың мерзімі мен тәртібі.....	16
5. Эссе рәсімдеудің негізгі талаптары.....	16
6. Эссе қорғау және оны бағалау тәртібі.....	18
7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі.....	20
Қосымша.....	23

## Кіріспе

«Шет мемлекеттердің қаржысы» пәні экономикалық мамандықта оқитын студенттерге арналған.

«Шет мемлекеттердің қаржысы» курсы теориялық оқу пәні ретінде «Қаржы» курсын игеруді толықтырады. Оқулықта мемлекеттік қаржыны ұйымдастырудың концептуалды негізі, қазіргі заман шетел ғалым – экономистерінің теорияларында мазмұндалған АҚШ, Франция, Ұлыбритания, Германия және Жапония дамыған елдерінің қаржы жүйесінің ұйымдастыру негізі қарастырылған.

Осу курстың мақсаты болып жеке дамыған елдердің қаржы жүйесінің тек қана тәжірибесін қарастыру ғана емес, сонымен бірге аналитикалық ойлаудың әдістерін дамыту, нақты экономикалық жағдайларда жеке қаржылық құралдарды қолдану мүмкіншіліктерін қарастыру кіреді.

«Шет мемлекеттердің қаржысы» курсының негізгі міндеттері болып төмендегілер табылады:

1. шет мемлекеттер қаржысын, оның жұмыс істеу ерекшелігін, қоғамдық өндірісті тиімді дамытудың мүмкін категориялар механизмін меңгеру;

2. шет мемлекеттер қаржысын ұйымдастыру нысандарының өзара байланысы мен өзара іс-қимылын және қоғамның әлеуметтік – экономикалық дамуының нақтылы жағдайында оларды қолданудың әдістерін оқып үйрену.

Курстың қорытындысы бойынша білім алушылардың алған білімдерін құрылымдауға мүмкіндік беретін есептік нысан эссе болып табылады.

Эссе автордың жеке көзқарасы бойынша әдебиеттер базасынан алынған мәліметтер негізінде проблеманы өзіндік болжауы.

Эссе логикалық жалғасын табатындай пәннің негізгі тақырыптарын қамтиды. Әдістемелік құралда көрсетілген нұсқау жұмысты дұрыс жазуға, әдебиеттерді дұрыс таңдау мен оны оқуға және қорғау үшін оны дұрыс безендіруге септігін тигізеді.

Эссе міндетті түрде зерттеу жұмысы бойынша дағдыларды қалыптастыруға, сындарлы ойлай білуге, талдауға, салыстыруға, пікір қалыптастыруға, шет мемлекеттердің қаржысы жүйесіне теориялық негіз бойынша және сыныпталуы бойынша өздігінен қорытынды жасауға, сонымен бірге нақты экономикалық жағдайларда жеке қаржы құралдарын қолдануға мүмкіндік беруі тиіс.

## 1. Эссе орындаудың мақсаты мен міндеттері

Эссе француздың «essai», ағылшынның «essay», «assay» – байқау, көру, очерк; латынның «exagium» – салыстыру, өлшеу деген мағынаны білдіреді. Эссе жанрын ашқан М.Монтень («Тәжірибелер», 1580 ж.). Ол шағын көлемдегі проза түріндегі еркін композиция. Қандай да бір мәселені еркін түрде жазу, сын және публицистика жанры. Эссе нақты тақырып бойынша жеке әсері мен ой толғанысын бейнелейді және затты анықтау немесе аяқтау мүмкіндігіне ие болмайды. Эссе – жаңа, бір нәрсе туралы әдемі боялған сөз және философиялық, тарихи – биографиялық, публицистикалық, әдеби – сыни, ғылыми кең таралған, беллетристикалық тұрғыда жазылады.

Студентпен орындалған эссе – бұл оқытушымен ұсынылған тақырып бойынша жеке жазба жұмысы (тақырып студенттің қалауымен де таңдалуы мүмкін, бірақ оқытушымен міндетті түрде келісілуі керек).

Эссенің мақсаты - өз бетінше автордың шығармашылық ойлау дағдысын жетілдіру және жеке пікірін жазбаша мазмұндау. Эссе жазу пайдалы, себебі ол автордың өз ойын нақты және сауатты тұжырымдауына, ақпаратты құрылымдауына, талдаудың негізгі категорияларын қолдануына, себепті – салдарлы байланыстарын көрсетуіне, ұқсас мысалдармен түсініктерін иллюстриациялауға, өзінің тұжырымын дәлелдеуге, ғылыми стилде сөйлей алуына көмектеседі.

Эссе мыналарды қамтуы тиіс: алға қойылған проблеманың мәнін нақты мазмұндау, бұл пән шеңберінде қарастырылған тұжырымдау мен аналитикалық құралдарды қолдану арқылы бұл проблемаға жеке талдау жасау, қойылған проблема бойынша авторлық позицияны қамтитын қорытынды жасау. Пәннің ерекшелік нысанына байланысты эссе айтарлықтай сараланады. Кейбір жағдайларда бұл қарастырып жатырған проблема бойынша статистикалық мәліметтерді қамтитын талдау болуы мүмкін, көп ақпаратты қамтитын талдау материалдары және моделдерді қолдануы мүмкін, мысалдарды бөлшектеп талдау, т.б.

Эссе орындаудың негізгі мақсаты – жекелеген дамыған мемлекеттердегі қаржы жүйелерінің қызмет ету тәжірибесін білу, сонымен бірге нақты экономикалық жағдайлардағы қаржы инструменттерін қолдану мүмкіндіктерін талдау.

Эссе тақырыбы нақты бір түсінікті анықтау мазмұнын ғана жазбауы тиіс, оның мақсаты – адамды ой толғауға итермелеу. Эссе тақырыбында мәселені ойлау төңірегіндегі сұрақтар болуы тиіс.

Эссе жазу авторға өз ойын дәл және сауатты жеткізуге үйретеді, ақпаратты жүйелеуге, талдаудың негізгі категорияларын қолдануға, себеп – салдар байланыстарын бөлу, қажетті мысал келтіру, өз қорытындыларын дәлелдеу, сөйлеудің ғылыми стилін үйрену. Эссе мазмұны қойылған мәселе бойынша нақты баяндалады. Мәселе бойынша авторлық позицияны

қорытындылайтын, қорытынды, концепция және сөздікті қолдануымен өзі өткізген талдау жазылады. Тақырып ерекшелігіне қарай, эссе түрлері қомақты деңгейлік болу мүмкін. Кейбір кездерде оқитын тақырып бойынша бар статистикалық мәліметтерді талдау болу мүмкін, бұқаралық ақпарат басылымдардан материалдардың талдауы және толық пікірлермен, мысалдарды іріктеу мен нақты талдау, мәселені суреттейтін және т.б. оқитын модельдерді қолданумен ұсынылған мәселені нақты талдау болып келеді. Эссе жасау бұл – дәлелдеудің классикалық жүйеге негізделген, сұраққа жауап немесе тақырыпты ашу болады. Ойды ашық және дәл білдіруге тырысыңыз, эссе сөз тіркестері мен фразалар іріктелген және нақты болу қажет. Эсседе, барлық жұмыстарда сияқты ішкі логика болу тиіс.

Эссе міндеттері:

- мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамын, мемлекеттік бюджет кірістері мен шығындарының құрылымын қарастыру;
- мемлекеттік қаржылардың концептуалды негіздерін зерттеу;
- салық салудың ұйымдастыру механизмін қарастыру;
- мемлекеттік басқарудың қаржылық аппаратты және жергілікті бюджеттер қаржыларының мәні мен маңызын анықтау.

Эссе жазуда практикалық қадамдар:

- 1 қадам. Контексті анықтаңыз. Егер сізге эссе берілді, онда кейбір өлшеуіштер анықталды: бұл эссенің көлемі, бірінші парағының үлгісі, бірыңғай аудитория (мысалы, бөлім басшылары). Қандай талаптар қойылса да, оларды сақтау керек. Ең бастысы - эссенің негізгі ойы.

- 2 қадам. Тақырыпты таңдаңыз. Әдетте тақырып сіз үшін таңдалды, бірақ сіз үшін маңызды, қызықтысын таңдауға болады. Онда эссе жазу қиынға соқпайды. Сіз негізгі тезисті анықтап аласыз, бірақ ол шеттен шықпау керек. Қажет болған кезде ойыңызды жалғастыруға болады. Тезис – бұл эссеңізде бір нәрсені дәлелдеуге немесе түсіндіруге тырысқаныңыз, мысалы «Менің кәсібім - дүниеде ең жақсы». Тезистің көлемі бір сөйлемнен артық болмасын, эсседе сіз айтатыңызды сиғызу қажет.

- 3 қадам. Ақпаратты жинаңыз. Тезисті дәлелдемелермен толықтыру үшін, сізге ақпарат қажет, сіз жазып отырғаныңыз ғылыми факт немесе жеке байқауларыңызды жазатын болсаңыз. Фактілер қай жерден басталатынын байқаңыз. Сіздің көзқарасыңызды жоққа шығаратын пікірлер мен фактілерге назар салмаңыз. Жақсы эссе жазушы өз тезис үшін дәлелдерді таба алады.

- 4 қадам. Эссені жоспарлаңыз. Басты ойыңызды фактілермен дәлелдеуге уақыт келді. Сіз жинаған барлық ақпаратты мұқият оқып алыңыз. Басты принциптер мен байқауларды көріп тұрсыз ба? Жазу барысында қандай тәртіпті сақтайтыңызды ойластырыңыз. Эссе

құрылымын жинақтау үшін, қысқаша жоспар құрастырыңыз, параграфтарға атау ойлаңыз.

- 5 қадам. Алдымен негізгі бөлімді жазыңыз. Мәтін тезисін бекітуге көмектесетін басты үш ой анықтаңыз. Әрбір көзқарас мысал және дәлелдермен бекітілуі тиіс. Қысқаша эсседе әрбір абзац бір ойдың мән-жайын баяндайды. Көлемді эсседе көзқарасты негіздеу үшін бір бет қажет болады. Өз жоспарыңызды сақтаңыз, сөйлемдеріңізді логикалық тәртіпке келтіріңіз. Барлық негізгі идеяларды жазып болғасын, барлық үзінділерді байланыстыратын сөйлемдермен жазыңыз.

- 6 қадам. Қорытынды жазыңыз. Өз негізгі идеяларыңызды жинақтап, оқырманға қай бағдарда оқып, оларды дамыту керегін ұсыныс жасаңыз. Тезистен қандай қорытынды шығаруға болады? Қандай сұрақтар жауапсыз қалды?

- 7 қадам. Кіріспені жазыңыз. Негізгі бөлім мен қорытындыны жазып болғасын оқырманға не туралы жазатыңызды хабарлаңыз. Тезистік дәлелдемені түсіндіріңіз және оны қалай дәлелдейтіңізді жалпы суреттеңіз. Қарапайым сөз тіркестерді қолданбаңыз: «Эссе мына туралы...» немесе «Бұл эссе тақырыбы ...» немесе «Қазір мен сізге ...». Жалпы дәлелден бастаңыз, оны сұрақ немесе мәселемен кейін тезиспен және сіздің көзқарасыңызға қысқаша шолумен бекітіңіз.

- 8 қадам. Жазғаныңызды оқыңыз. Эссені басынан аяғына дейін тексеріңіз. Бір сөйлем екінші сөйлемге дұрыс жалғаса ма? Бір абзац екінші абзацқа? Әрбір дәлел алдыңғысымен байланысты болу керек. Егер сізге ой тәртібі мен абзацтар құрылымы ұнамаса, оларды өзгертіңіз.

- 9 қадам. Қателерді тексеріңіз. Мәтінді қатеге тексеріңіз: грамматикалық, пунктуациялық, стилистикалық. Қайталанатын сөздер, жаргонизмдерден қашқақтаңыз, пунктуацияны тексеріңіз.

Қосымша:

1. Эсседе бейнелеу, афористік, парадоксалдық қаралу керек.
2. Эссе авторы дүниені жеке қабылдауын ұсыну үшін көптеген мысал келтіреді; жарыстыра салыстырады; ұқсастықтарды іріктеп алады; әр түрлі байланыстарды қолданады.
3. Эссеге көптеген көркем құралдарды пайдалану тән: метафора, салыстыру, аллегория символ және астарлы образдар.
4. Егер эсседе болжап болмайтын қорытынды, күтпеген жағдайлар, қызықты байланыс болса, онда ол қызықты да жақсы болып келеді.
5. Сөйлеу құрылымы жағынан эссе – бұл ауыз екі сөйлеу ырғағы және лексикаға бағыттау, сұрақтарды, пікірталас сөздерінің динамикалық ауысып келуі.

## 2. Эссе тақырыптары

1. Қаржыны ұйымдастырудың әлемдік тәжірибесінің қажеттілігі.

2. Халықаралық қатынастардың мәні және олардың алаңға шығуы.
3. Халықаралық несиелік қатынастары және нарық, мемлекеттік реттеудің механизмі
4. Жаһандану жағдайында халықаралық қаржылық қатынастардың даму бағыттары.
5. Шет мемлекеттердің қаржысы жүйесі және оны басқару.
6. Мемлекеттік қаржының кейнсиандық, неоклассикалық және неоклассикалық жинақ теорияларының салыстырмалы сипаттамасы.
7. Әлемдік экономикалық интеграцияның дамуы.
8. Дамыған елдердегі қаржылық интеграцияның дамуы.
9. Мемлекетаралық қорлардың дамуы.
10. Халықаралық ұйымдардың құрылуы және оларды дамытудың қажеттілігі.
11. Төлем балансының негізгі статъялары.
12. БҰҰ жүйесіндегі халықаралық ұйымдардың қаржысының жалпы сипаттамасы мен ерекшелігі. Әлеуметтік – мәдени және ғылыми ұйымдар.
13. Халықаралық қаржылық ағымдар мен әлемдік нарықтың өзара қатынасы.
14. Халықаралық қаржылық – несиелік ұйымдардың құрылуы және олардың жалпы сипаттамасы.
15. Халықаралық қаржылық институттардың дамуы.
16. БҰҰ – ның жүйесіне кіретін қаржылық – несиелік ұйымдар.
17. Аймақтық экономикалық қаржының интеграциялық бірігуі және оның ерекшелігінің сипаттамасы.
18. АҚШ – тың қазіргі қаржы жүйесі.
19. АҚШ – тың қаржы жүйесінің құрамы мен буындарының сипаттамасы.
20. АҚШ – тың мемлекеттік бюджеті, оның құрамы мен құрылымы.
21. АҚШ – тың салық жүйесінің құрылымы.
22. АҚШ – тың бюджет жүйесі және бюджеттік құрылысы.
23. АҚШ – тың жергілікті қаржысының ұйымдастырылуы.
24. Мемлекеттік кәсіпорындар, олардың АҚШ – тың бюджетімен байланысы.
25. Әлемдегі дамыған елдер және олардың әлемдік экономикадағы рөлі.
26. Әлемдегі дамыған елдердің қаржысының жалпы сипаттамасы.
27. Федеративтік құрылымның қаржы жүйесі және оның кезеңдері.
28. Мемлекеттік бюджет, оның табысының құрамы мен құрылымы.
29. Әлемдегі дамыған елдердің жергілікті қаржылары. Дамыған елдердегі жергілікті бюджеттің кірістері мен шығыстары.
30. Ұлттық және трансұлттық корпорациялардың қаржысының экономикалық мәні мен маңызы.



31. Трансұлттық корпорациялардың өндірістік шығындары мен құрылымы.
32. Ұлттық және трансұлттық корпорациялардың баға саясаты және баға қалыптастырудағы факторлары.
33. Ұлттық және трансұлттық корпорациялардың пайдасы және олардың реттелуі.
34. Ұлттық және трансұлттық корпорациялардың капиталдары және олардың бағалануы.
35. Ұлттық және трансұлттық корпорациялар жүйесіндегі халықаралық қаржылық валюталық – несиелік қатынастардың рөлі мен орны.
36. Халықаралық ұйымдардың құрылуы және оларды дамытудың қажеттілігі.
37. Көлік және байланыс аумағының ұйымдастырылуы.
38. Қаржы – несие ұйымдарының құрылуы және оларға сипаттама.
39. Елдің бюджеттік үдерісі.
40. Халықаралық экономикалық қатынастардың дамуындағы қаржы – несие ұйымдарының рөлі мен орны.
41. Германдық «экономикалық ғажап» мазмұны мен факторлары.
42. Германияның қаржы жүйесінің құрамы мен сипаттамасы.
43. Германияның бюджет жүйесі және бюджеттік құрылыс.
44. Германияның салық жүйесі.
45. Германияның фискалдық федерализмі.
46. Германдық Федеративтік Республикаға жалпы сипаттама.
47. Федералдық бюджеттің шығындары.
48. Федералдық бюджеттің кірістері.
49. Мемлекеттің тапшылығы мен артықшылығы.
50. Мемлекеттік қарыз және бюджеттік дефицит.
51. Бюджеттік процесс және қаржылық бақылау.
52. Мемлекеттің қаржылауы және олардың бюджетпен өзара байланысы.
53. Францияның қаржы жүйесінің құрамы мен буындарының сипаттамасы.
54. Францияның мемлекеттік бюджеті.
55. Францияның мемлекеттік бюджеттен тыс қорлары.
56. Францияның салық жүйесінің ерекшеліктері.
57. Франциядағы экономикалық қайта өзгертулер.
58. Францияның қаржы жүйесіне жалпы сипаттама.
59. Францияның мемлекеттік бюджетінің шығындарының статьялары.
60. Францияның мемлекеттік бюджетінің табысының құрамы.
61. Францияның бюджеттік процесі және қаржылық бақылау.
62. Францияның жергілікті билік органдарының қаржысы.

63. Неоконсерватизмнің Британдық моделі.
64. Англияның қазіргі жағдайы.
65. Англияның қаржы жүйесінің ерекшелігі және оның негізгі белгілері.
66. Англияның қаржы жүйесінің элементтеріне сипаттама.
67. Англияның мемлекеттік кіріс жүйесі.
68. Англияның салық салу ерекшелігі.
69. Англияның мемлекеттік бюджеті және оның құрылымы.
70. Англияның қаржы жүйесіне жалпы сипаттама.
71. Англияның мемлекеттік бюджеті және шығындарының сипаттамасы.
72. Англияның мемлекеттік бюджетінің табыстары.
73. Англияның бюджеттік процесі.
74. Англияның жергілікті билік органдарының қаржысы.
75. Англияның мемлекеттік кәсіпорындарының қаржысы.
76. Жапондық «экономикалық ғажап» мазмұны мен факторлары.
77. Жапонияның қаржы жүйесінің құрамы мен буындарының сипаттамасы.
78. Жапониядағы салық салуды ұйымдастыру ерекшеліктері.
79. Жапония бюджетінің кірісі мен шығысы.
80. Жапонияның қаржылық аппаратының басқарылуы.
81. Жапонияның қаржы жүйесінің жалпы сипаттамасы.
82. Жапонияның мемлекеттік бюджеті, оның құрамы мен құрылымы.
83. Жапонияның бюджеттік үдерісі. Мемлекеттік бюджетті әзірлеу, дәлелдеу және бекіту.
84. Жапония бюджетінің орталықтандырылған шығысының жалпы сипаттамасы.
85. Жапонияның мемлекеттік бюджетінің кірісі.
86. Жергілікті қаржылар. Жапонияның жергілікті бюджеті, кірісі мен шығысы.
87. Мемлекеттік мекемелер, олардың Жапония бюджетімен өзара байланысы.
88. Ресей Федерациясының қаржы жүйесінің құрамы мен буындарының сипаттамасы.
89. Ресей Федерациясының мемлекеттік бюджетінің мәні мен маңызы.
90. Бюджеттен тыс қорлар және олардың Ресей Федерациясының қаржы жүйесіндегі орны.
91. Ресей Федерациясының мемлекеттік несиесі және мемлекеттік борышы.
92. Ресей Федерациясының жергілікті қаржысының ұйымдастырылуы.

93. Ресей Федерациясындағы салық салуды ұйымдастыру ерекшеліктері.
94. Ресей Федерациясындағы бюджет және салық саясаттарының негізгі бағыттары.
95. Ресей Федерациясының қаржы жүйесінің даму кезеңдері.
96. Ресейдің қазіргі кездегі қаржы жүйесінің дамуына сипаттама.
97. Ресей Федерациясының мемлекеттік бюджетінің кірісі мен шығысы.
98. Ресей Федерациясының бюджеттік үдерісі.
99. Биліктің орталықтандырылған жергілікті органдарындағы бюджеттік құқық, олардың Ресей Федерациясының бюджеті арасындағы қатынасы.
100. Саясиэкономикалық классиктердің концепциялары: Давид Риккардо және Джон Стюарт Милль көзқарастары.
101. Жаңа тарихи мектеп концепциялары: Марксистер еңбектеріндегі қаржы мәселелері. Шекті пайдалылық теориясы. Дж. Кейнс теориясы.
102. Париж және Генуэ валюта жүйесі.
103. Бреттен Вудс және Ямайка валюта жүйесі.
104. Аймақты Еуропалық валюта жүйесі.
105. АҚШ – тың қазіргі экономикалық және саяси сипаттамасы.
106. Германияның қазіргі экономикалық және саяси сипаттамасы.
107. Францияның қазіргі экономикалық және саяси сипаттамасы.
108. Англияның қазіргі экономикалық және саяси сипаттамасы.
109. Жапонияның қазіргі экономикалық және саяси сипаттамасы.
110. Ресей Федерациясының қазіргі экономикалық және саяси сипаттамасы.

### **3. Эссе құрылымы мен мазмұны**

**Тақырыпты таңдау.** Тақырып бір түсініктен тұратын бастамадан тұрмау қажет, оның мақсаты ойлауға түрткі болу. Эссе тақырыбында сұрақ, проблема болуы қажет және ойлаумен дәлелденуі тиіс.

Тақырыпты таңдау кезінде оның ғылыми әдебиеттерде кеңінен меңгерілгенін ескеру қажет. Ол үшін кітапхананың каталогтарын және әдебиеттер мен шығарылған мақалаларға библиографиялық нұсқауларды, анықтамалық материалдарды қолдану қажет.

Кез – келген ғылыми проблемамен танысқанда ең алдымен негізгі ғылыми әдебиеттерде барын меңгеруден бастау керек. Ол үшін тез арада қолданылатын көздердің шығарылған мәліметтердің (автор, басылымның атауы, шыққан орны, жылы, бет саны) жасау керек. Шетелдік авторлардың жұмыстарының атауы тілдің тек түпнұсқасымен беріледі.

Тақырып бойынша оқылған және қарастырылған материалдарды талдау негізінде негізгі блоктар бойынша, белгілері бойынша, өзіндік

пайымдау мен бағалау бойынша тезис құрастыру керек. Әдебиет көздерінен шамамен іріктелініп алынған мәліметтер рефераттың қажет көлемінен асып кетуі мүмкін, бірақ ол мәліметтерді эссенің жоспарын құрастыру кезінде қолдануға болады.

Жоспар құрастыру. Автор оқытушымен алдын – ала келісе отырып эссенің жоспарын жұмысын ойластыра отырып немесе тақырыбына сәйкес әдістемелік нұсқауда ұсынылған жоспар негізінде өзі құрастыруына болады. Дұрыс құрастырылған жоспар материалды жүйелеуге және оны мазмұндаудың реттілігін қамтамасыз етуге көмектеседі.

Шамамен алынған эссенің құрылымы:

- Кіріспе – сұрақтың, проблеманың мәнін қысқаша мазмұндау; таңдап алынған тақырыптың өзектілігін дәлелдеу, тақырыптың ашылуы үшін мақсатты қалыптастыру;
- Эссенің негізгі бөлімі – проблеманы шешу жолымен кіріспені мазмұндау; өңделген, жинақталған материалдар негізінде тақырыпты ашу;
- Қорытынды – нақты сұрақтар, проблемалар бойынша автордың түйін жасауы; тақырып бойынша жинақы және аргументті түрде қорытындылау; автордың өзіндік позициясы нақты көрсетілген болжам.
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.
- Қосымшалар (автордың қалауы бойынша).

Эсседе міндетті түрде пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен жалпы тәртіп бойынша қолданылған ақпарат көздеріне сілтеме болуы керек.

Рефераттық және зерттеу бөлімдерінің қатынасында біріншісі 50%-дан артық болмау керек. Егерде жай рефераттау болса, онда эссе бағаланбайды немесе төменгі балл бойынша бағаланады.

Эссенің құрылымы – бұл классикалық жүйеде дәлелденетін сұрақтарға жауап беру немесе тақырыпты ашу.

**Титулдық бет** біріңғай нысанда толтырылады, 1 – қосымшаны қараңыз;

**Кіріспе** – берілген тақырыпты негіздеу, ол логикалық және стилистикалық компоненттер қатарынан тұрады. Бұл кезеңде зерттеу барысында ашқалы отырған тақырыпқа қойылатын сұрақты дұрыс қою маңызды болып табылады. Кіріспемен жұмыстану барысында келесідей сұрақтарға жауаптар жазу кіріспе жазуға көмектеседі: «Эссенің тақырыбында келтірілген терминдерге анықтама беру керек пе?», «Қазіргі кезде мен алған тақырып неліктен маңызды?», «Менің тұжырымдауымда қандай түсініктер қолданылуы мүмкін?», «Мен тақырыпты бірнеше кішкене тақырыпшаларға бөле аламын ба?». Мысалы, «Германдық «экономикалық ғажап» мазмұны мен факторлары» тақырыбында тақырыпша ретінде келесідей сұрақ қалыптастыруға болады: «Сол кезеңнің экономикасы үшін қандай белгілер сипатталған?».

**Негізгі бөлім** – тақырыптың теориялық негізі мен сұрақтың мазмұнын жазу. Бұл бөлім берілген тақырыптағы аргументтер мен

талдауларды дамыту, позицияларды көрсету арқылы негізгі бөлімді толық жазуға мүмкіндік туады. Мұнда эссенің негізгі мазмұны жазылады және ол біраз қиындық тудырады. Сондықтан, негізгі бөлімді шағын тақырыпшаларға бөлуге болады. Әр тақырыпшаларды аргументті түрде тұжырымдау негізгі сұраққа жауап беруге септігін тигізеді. Зерттеу кезінде талдаулар жүргізу ретінде кестелерді, диаграммалар мен графиктерді қолдануға болады.

Қойылған сұраққа байланысты талдау жүргізу үшін мынадай категориялар негізінде жазу керек:

Себеп –салдар, жалпы – айрықша, нысан – мазмұн, бөлік – тұтас, тұрақты - өзгермелі.

Эссені құрастыру процесінде мынаны есте сақтау қажет, яғни бір бөлімше бекітілген және сәйкестелген бір дәлелдемеден, графикалық және иллюстрациялық мәліметтерден тұруы керек.

**Қорытынды** – жалпыланған және аргументі бар, қолдану аймағы көрсетілген және тағы басқа түрде болуы мүмкін. Эссенің қорытынды бөлімінде негізгі бөлімде айтылған сұрақтың мәнін бекітеді және мазмұнының маңыздылығын ашады. Қорытынды бөлімінде қолданылатын әдістер: қайталау, иллюстрация, цитата, әсер беретін тұжырым.

Қорытынды көлемі жағынан 1,5 – 2 беттен аспауы керек.

Эссе жазу үшін қажетті дәлелдеу аппаратының құрылымы.

Дәлелдеу – белгілі бір тұжырымға негізделген және оған байланысты шын мәніндегі тұжырымды анықтау үшін қолданатын логикалық тәсілдер жиынтығы. Ол сенім – наныммен байланысты, бірақ онымен тең емес: аргументтеу немесе дәлелдеу ғылымға және қоғамдық – тарихи тәжірибеге сүйенеді. Сенім – жорамал, ол нақты дәлелденбеген білімге негізделеді.

Дәлелдеудің құрылымына 3 құраушы бөліктер енеді. Олар: тезис, аргумент, қорытынды.

Тезис – дәлелдеуге тиісті жағдай.

Аргументтер – тезистің анық шын екендігін дәлелдеу үшін қолданылатын категория.

Аргументтер бірнеше топқа бөлінеді:

1. Тексерілген фактілер – нақты матеиал. Фактілер – тенденцияны анықтайтын қор, оның негізінде әр білім бойынша заңдармен берілген жағдайда заңның әсері анықталады.

2. Анықтамалар тезиспен байланысты түсініктің аргументі ретінде қолданылады.

3. Ғылым Заңдары және алдында қолданылған теоремалар дәлелдеу аргументі ретінде қолданылады.

Қорытынды – фактілерді талдауға негізделген ой – түйін.

Эссенің мәтін сапасы төрт негізгі компоненттен тұрады: ойдың ашықтылығы, түсініктілігі, сауаттылығы, сәйкестігі. Өзіңіз айтқыңыз

келетін идеяны анық және нақты жеткізуіңіз керек. Ой – жазылғанның мазмұны.

Түсініктілігі – мәтіннің түсінуге ыңғайлылығы. Оған жету үшін тақырыпты ашатын логикалық байланысы бар сабақтасып келген сөздерді, фразаларды, өзара байланысқан абзацтарды қолдану керек.

Сауаттылығы – грамматика мен көркем жазу нормаларын сақтау.

Сәйкестігі – ол жазылған нәрсе стилі. Ол жанрмен, жұмыстың құрылымымен, автордың тыңдаушылар алдында қойған мақсатымен анықталады.

Қосымшалар өзіне графиктерді, кестелерді, есептеулерді кірістіруі мүмкін. Олар ішкі (өзіндік) беттермен нөмірленуі керек.

Әдебиеттер тізімінде эссе жазуда нақты қолданылған ресми құжаттар, монографиялар, ғалымдар мен тәжірибешілердің мақалалары көрсетіледі. Пайдаланылған ғылыми және оқу әдебиеттері алфавиттік тәртіппен көрсетіледі.

Эссе жазу барысында қатаң сақталынуы тиіс талаптар:

- жеке көзқарастың көрінісі;
- фактілі дәлелдер;
- теоретикалық негіздеме;
- терминдерді қолдану;
- цитаталарды келтіру;
- әр түрлі көзқарастарды мысалға алу;
- логикалық заңдылықтың сақталуы;
- салыстыру және қорытындылау әдістерін қолдану;
- сауаттылық;
- қолданылған ғылыми еңбектерге сілтеме жасау.

Жиі кездесетін қателіктер:

- проблема ашылмайды;
- автордың жеке позициясы көрінбейді;
- теоретикалық негіздемесі жоқ;
- терминдерді орынсыз, сауатсыз қолдану;
- тым қарапайым өмірдің мысалдары көп;
- ауызекі сөздер, диалект, жаргон сөздер;
- келтірілген мысалдар автор позициясына қайшы;
- қорытындылау, түйін шығарулардың болмауы;
- логиканың орын алмауы.

## **Шамамен алынған эссенің құрылымы**

### **Тақырып 1. Шет мемлекеттер қаржысының негізділігі**

#### **Жоспар**

Кіріспе

1. Әлемдік қаржы ресурстарының құрылымы.

2. Халықаралық қатынастардың мәні және олардың айналымға шығуы.

3. Әлемдік экономикадағы жаһандану процесі.

Қорытынды (тұжырым)

Әдебиеттер тізімі

## **Тақырып 2. Англияның мемлекеттік қаржы жүйесі.**

Жоспар

Кіріспе

1. Бюджеттік жүйе

2. Бюджеттен тыс арнайы қорлар

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың қоры

Қорытынды (тұжырым)

Әдебиеттер тізімі

## **Тақырып 3. Англияның қаржы жүйесіне жалпы сипаттама**

Жоспар

Кіріспе

1. Англияның банк жүйесінің құрылымы

2. Мемлекеттік бюджет және кірістер мен шығыстарының сипаттамасы

3. Салық салудың ерекшелігі

Қорытынды (тұжырым)

Әдебиеттер тізімі

## **Тақырып 4. Францияның мемлекеттік бюджеті және оның құрылымы.**

Жоспар

Кіріспе

1. Бюджеттік процесс

2. Мемлекеттік бюджеттің құрамы

3. Мемлекеттік шығынның статьялары

4. Қазақстан мен Францияның бюджет жүйесінің ерекшелігі

Қорытынды (тұжырым)

Әдебиеттер тізімі

## **Тақырып 5. Германияның салық жүйесі**

Жоспар

Кіріспе

1. Федеральдық салықтар

2. Жер салығы

3. Жалпы салықтар

4. Жергілікті салықтар
  5. Қазақстан мен Германияның салық салу жүйесінің еркешеліктері
- Қорытынды (тұжырым)  
Әдебиеттер тізімі

#### 4. Эссе орындаудың мерзімі мен тәртібі

Эссе қорғаудан бір апта бұрын студент кафедраға жұмысын тапсыру керек.

Эссе орындауға байланысты оның бағалануы бір семестр бойы жинақталады (15 апта бойы). 1 балл 1% - ға тең. Эссе орындаудың кестесі келесідей элементтерді кірістіреді (1-кесте).

Кесте 1 – Эссе орындаудың элементтері

№	Қарастырылатын сұрақтардың атауы	Орындау мерзімі	Балл (% түрінде)
1	Тақырыпты таңдау және әдебиеттерді іріктеу	1-2 апталар	2
2	Материалдар жинақтау	3 апта	3
3	Жұмыстың жоспары	4 апта	5
4	Кіріспе	5 апта	10
5	1 сұрақ	6-8 апталар	15
6	2 сұрақ	9-11 апталар	15
7	3 сұрақ	12-13 апталар	10
8	Қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі	14 апта	10
	<b>Барлығы:</b>		<b>70</b>
9	Эссе қорғау	15 апта	30
	<b>Барлығы:</b>		<b>100</b>

#### 5. Эссе рәсімдеудің негізгі талаптары

Эссені рәсімдеу кезінде мәтіндік құжаттар мен жалпы қабылданған тәртіптерге байланысты талаптарды орындауды басшылыққа алу қажет. Олардың негізгілері болып келесілер саналады: эссенің мәтіні стандарттың беттің (210-297 мм) бір жағында тігінен орналасу арқылы жолдың сол жағынан – 30мм, оң жағынан – 10, жоғарғы жағынан – 20мм және төменгі жағынан – 25мм өлшемде белгіленіп жазылады. Жұмыс ақ беттің бір жағында Ф4 форматты бетте бір интервал аралықта басылып жазылады. Шрифт – Times New Roman, кегль – 14.

Егер бет кестемен (иллюстрациямен) толық қамтылмаса, онда ол жол санына байланысты толықтырылады немесе кестеге сипаттама беріледі. Бір ойдан екінші ойды сипаттау кезінде мәтін азат жолдан басталып жазылады, ол бес әріптік белгімен өлшенеді.



Жұмыстың бөлімі араб сандарымен белгіленіп нүктемен қойылған реттік нөмірлері болуы қажет.

Кіріспе, әр бөлімдер, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі, қосымшалар жаңа беттен басталып жазылады. Атаулардың, бөлімдердің кестелердің астын сызуға рұқсат етілмейді.

Бөлімдердің атаулары мен келесі мәтіннің ара қашықтығы үш интервалға, ал бөлім атауы мен алдыңғы мәтіннің соңғы жолының ара қашықтығы төрт интервалға тең болуы керек.

Бет саны араб санымен беттің төменгі жағының ортасынан нүктесіз қойылады. Бет саны титулдық беттен бастап есептеледі, бірақ ол бетке нөмір қойылмайды.

Кестелер түсінікті болатындай қарапайым және қарастырылатын сұрақтың мазмұнын дұрыс ашатындай болуы керек. Шағын кестелерде көрсеткіштер ықшамды және айқын келеді.

Әр бір кестенің ортасында оның атауы, ал оның алдында сол жақ бетінде кесте нөмірі мен «Кесте» сөзі жазылады. № белгісі бұл жерде қойылмайды. Кестелерді нөмірлегенде бөлімшелерге қатысты екі араб сандарымен нүктемен бөлініп нөмірленеді, оның алғашқысы бөлімнің нөмірін, ал екіншісі кестенің нөмірін білдіреді. Мысалы: Кесте 1.2 (бірінші бөлімнің екінші кестесі). Қосымшаға шығарылған кестелерден басқа кестелер араб сандарымен басынан аяғына дейін нөмірленуі тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі дипломдық жұмысты жазуда қолданылған нақты көздердің тізімінен тұруы қажет.

Әдебиет көздері туралы мағлұмат мыналардан тұрады: атау септігіндегі тегі, автордың аты – жөнінің бірінші әріптері, кітаптың атауы, басылымның атауы, шығарылған орнының атауы, шыққан жылы және қолданылған материалдың беті.

Егер де әдебиет көзі екі автордан тұрса, онда олардың авторларының тегі мен аты – жөнінің бірінші әріптері титулдық бетте басылған тәртіпте жазылады. Егер авторлардың саны үштен көп болса, онда бірінші автордың тегі мен аты – жөнінің бірінші әрпі мен «және басқалары» сөзі жалғанып жазылады.

Әдебиеттер тізімінде мерзімдік басылымдардағы (журналдар, жинақтар еңбегі және басқалары) мақалалар пайдаланылған жағдайда келесідей мәліметтер болуы керек: автордың тегі және аты – жөнінің бірінші әріптері, мақала атауы, басылымның атауы мен сериясы (егер де болса), шыққан жылы, басылымның нөмірі және жинақ нөмірі, мақала орналасқан беттері.

Эссенің титулдық бетінен басқа барлық беттері араб санымен нөмірленеді. Бет нөмірі беттің төменгі жағының дәл ортасынан белгіленеді. Титулдық бет эссенің жалпы бетіне қосылып саналады, бірақ ол бетке нөмір қойылмайды.

Эссенің көлемі А4 форматында 10 – 15 бет көлемінде компьютерде беттің бір жағына теріліп жазылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімінде қолданылған көздердің саны бестен кем болмау керек.

Эссенің барлық құрылымдық бөлімдері оның мазмұнында көрсетілген тәртіпте ретімен тігіледі.

## **6. Эссе қорғау және бағалау тәртібі**

Эссе талаптарына сәйкес орындалған және рәсімделген жұмыс келесі критериялар бойынша бағаланады:

- Теориялық материалдарды білу және меңгеру:
    - мысалдар келтіре отырып, түсініктерді анық және толық қарастыру;
    - пайдаланылған түсініктер тақырыпқа сай болу керек;
    - жұмысты өз бетінше орындауы.
  - Ақпаратты талдау және бағалау:
    - талдаудың категориясын сауатты талдай білу;
    - түсініктер мен құбылыстардың өзара байланысын талдау үшін салыстыру және жалпылау әдістерін қолдана алу;
    - қарастырылатын проблеманы альтернативті көзқараспен түсіндіруге қабілеттілігі және тұжырымдалған қорытындыға келу;
    - қолданатын ақпараттар диапазонының кеңдігі (студент ақпараттың көптеген әр түрлі көздерін пайдаланады);
    - графиктер мен диаграммалардың көмегімен мәтінге ақпараттарды орналастыра алу;
    - мәселені өзі бағалай білуі;
  - Түсініктерді қалыптастыру:
    - мазмұнының ашық және анық болуы;
    - дәлелдеу логикасын құрастыра білуі;
    - ұсынылған тезистерге сауатты аргумент келтіре білу;
    - әр түрлі көзқарасты келтіре отырып, оны бағалай білуі;
    - алынған нәтижені мазмұндаудың жалпы формасы және оның ғылыми проблеманы талдауға сәйкестігі.
  - Жұмыстың рәсімделуі:
    - жұмыстың рәсімдеу және сілтемелерді қолдану бойынша негізгі талаптарға жауап беруі;
    - лексикалық, фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық нормалардың сақталуы;
    - орфографиялық және пунктуациялық талаптарға сай болуы;
    - талаптарға сай болуы.
- Жұмыстың объективтілігін бағалау оның оң және теріс жақтарын анықтау негізінде тапсырылған жұмыс бойынша оқытушымен анықталады.

Жұмыс барлық талаптарға сай орындалған жағдайда титулдық бетіне «қорғауға» сөзі жазылып қорғауға жіберіледі.

Егер жұмыс талаптарға сай орындалмаса, онда бұл жұмыс оқытушымен жазылған ескертулерімен қайта тексерілу үшін өңдеуге жіберіледі.

Эссе қорғау нәтижесі бойынша «өте жақсы», «жақсы», «қанағаттанарлық» немесе «қанағаттанарлықсыз» белгісімен бағаланады.

Барлық талаптарға сай орындалған, мазмұны ашылған жұмыс қорғауға жіберіледі. Эссені орындағаны үшін төмендегі кестеде көрсетілгендей, студент 70 балл, ал оны қорғау нәтижесі бойынша 30 балл ала алады. Барлығы 100 баллды құрайды.

Кесте 2 – Эссені қорғау бойынша бағалануы

№	Эссені қорғау бойынша жұмыстың атауы	Жұмысты қорғау мерзімі	% - дық орындалуы	Балл (%-бен)
1	Талаптарға сай рәсімделуі	15 апта	10	10
2	Баяндаманың мазмұны		10	10
3	Сұрақтарға жауап беруі		10	10
	Барлығы:		30	30

Кесте 3 - Баллдық-рейтингтік жүйе бойынша бағалау шкаласы

Әріптік жүйемен бағалау	Балл	%-дық мазмұны	Дәстүрлік жүйемен бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,6	90-94	
B+	3,3	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,6	75-79	
C+	2,3	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,6	60-64	
D+	1,3	55-59	
D	1,0	50-54	Қанағаттанарлықс
F	0	0-49	

## 7. Ұсынылған әдебиеттер тізімі

### Нормативтік және құқықтық актілер:

1. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы [Электрондық ресурс]: заң [1995 жылдың 31 наурызында қабылданды]. – Кіру рәсімі: <http://www.nationalbank.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.
2. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы [Электрондық ресурс]: заң [1995 жылдың 30 наурызында қабылданды]. № 2155 Қазақстан Республикасының Заңы (2014.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Кіру рәсімі: <http://www.nationalbank.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.
3. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Акционерлік қоғамдар туралы [Электрондық ресурс]: заң [2003 жылдың 13 мамырында қабылданды]. № 415-II Қазақстан Республикасының Заңы (2014.29.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен). – Кіру рәсімі: <http://www.adilet.zan.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.
4. Қазақстан Республикасы. Заңдар. Қазақстан Республикасы Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу мен қадағалау туралы [Электрондық ресурс]: заң [2003 жылдың 4 шілдесінде қабылданды]. – Кіру рәсімі: <http://www.afn.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.
5. Қазақстан Республикасының Кодексі. «Салықтар және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) [Электрондық ресурс] : 2015 жылдың 1 қаңтарындағы ҚР заңына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларымен. – Кіру рәсімі: <http://www.kgd.gov.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.
6. Қазақстан Республикасы. Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі [Электрондық ресурс]: заң [2008 жылдың 4 желтоқсанында қабылданды]. – Кіру рәсімі: <http://www.adilet.zan.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.
7. Қазақстан Республикасы. Заңдар. ҚР 2013 - 2015 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы [Электрондық ресурс]: заң [2012 жылдың 31 тамызында қабылданды]. – Кіру рәсімі: <http://www.online.zakon.kz>, еркін. – Экрандағы атауы.

### Оқу әдебиеттері:

21. Ансабаева Р.С. Шетел мемлекеттерінің қаржылары [Мәтін] : Оқулық / Р.С. Ансабаева. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 2011. – 280 б.
22. Булатов А. С. Мировая экономика [Текст] : учеб. / Под ред. А. С. Булатова. - М. : Экономистъ, 2005. - 734 с.
22. Гладков И. С. Мировая экономика и международные экономические отношения [Текст] : учеб. пособие для студ. вузов / И. С.

Гладков. - 4-е изд., перераб. и доп. - М. : БИНОМ. Лаборатория знаний, 2009. - 341 с.

23. Есенгелдин Б.С. Қаржылық менеджмент [Мәтін] / Б.С. Есенгелдин., Е.Т. Ақбаев. Оқулық.-Алматы: «Дәуір», 2011. 288 б.

24. Ермекбаева Б.Ж. Салық және салық салу [Мәтін] : оқу құралы / Б.Ж. Ермекбаева. – Алматы: 2006. – 178 б.

25. Карибджанов Е. С. Модели экономического развития стран Юго-Восточной Азии [Text] : учеб.пособие / Казахская государственная академия управления им. Т.Рыскулова. - А. : Экономика, 2000. - 119 с.

26. Кочергина Т. Е. Мировая экономика [Текст] : учебник для студ. вузов / Т. Е. Кочергина. - 2-е изд., перераб. и доп. - Ростов н/Д : Феникс, 2008. - 267 с.

27. Котелкин С. В. Международный финансовый менеджмент [Текст] : учеб. пособие для студ. вузов и аспирантов / С. В. Котелкин. - М. : Магистр: ИНФРА-М, 2010. - 605 с.

28. Құлпыбаев С. Қаржы [Мәтін] : оқулық / С.Құлпыбаев., С.Ж.Ынтықбаева., В.Д.Мельников. – 3-ші өңделген және толықтырылған бас. – Алматы: Экономика. 2010. – 522 б.

29. Қалдыбаев Е.Қ. Саклықтық бақылау теориясы және жүргізу әдісі [Мәтін] : ЖОО студ. арналған оқулық / Е.Қ.Қалдыбаев., Л.М.Маткаримова. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 2011. – 288 б.

30. Ломакин В. К. Мировая экономика [Text] : учебник / Ломакин В.К. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ЮНИТИ, 2001. - 736 с.

31. Ломакин В. К. Мировая экономика [Текст] : учеб. / В. К. Ломакин. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2005. - 735 с.

32. Мовсесян А. Г. Международные валютно-кредитные отношения [Текст] : учеб. / А. Г. Мовсесян, С. Б. Огневцев. - М. : ИНФРА-М, 2006. - 312 с. - (Высшее образование).

33. Моисеев С. Р. Международные валютно-кредитные отношения [Текст] : учеб. пособ. / С. Р. Моисеев. - 2-е изд., перераб. и доп. - М. : Дело и Сервис, 2007. - 816 с.

34. Мухамедьяров А. М. Инновационный менеджмент [Текст] : учеб.пособ. / Мухамедьяров, А. М. - М. : ИНФРА-М, 2004. - 127 с. - (Высшее образование).

35. Методические указания по выполнению реферата (эссе) по дисциплине "Основы бизнеса" для студентов специальности 5В050600-"Экономика" [Текст] / сост. А. А. Урынғалиева. - Уральск : ЗКАТУ им. Жангир хана, 2013. - 19 с.

36. Найманбаев С.М. Салықтық құқық [Мәтін] : оқу құралы / С.М. Найманбаев. – Алматы: «Жеті жарғы». 2007. – 400 б.

37. Нарғозиев І.Ж. Салықтық бақылау [Мәтін] : оқу құралы / І.Ж.Нарғозиев. – 1 басылым. – Алматы: 2009. – 336 б.

38. Нұрымов А.А. Салық әкімшілігі [Мәтін] : ЖОО студ. және магистр. арналған оқу құралы / А.А.Нұрымов., А.Т.Исаева. – Астана: ҚазЭҚХСУ. 2011. – 316 б.

39. Парахина, В. Н. Муниципальное управление [Текст] : учеб. пособ. / В. Н. Парахина, Е. В. Галеев, Л. Н. Ганшина. - М. : КНОРУС, 2007. - 496 с. - (Учебное пособие).

40. Садков В. Г. Банковские системы развитых стран и совершенствование денежно-кредитной политики России [Текст] / В. Г. Садков, О. П. Овчинникова. - М. : ОАО Издательская группа "Прогресс", 2003. - 288 с.

41. Суэтин А. А. Международные валютно-финансовые отношения [Текст] : учебник для студ. вузов / А. А. Суэтин. - 3-е изд., испр. и доп. - М. : КНОРУС, 2006. - 360 с

42. Өмірбаев С.М. Мемлекеттік бюджет [Мәтін] : ЖОО студ., магистр., аспирант арналған оқулық / С.М.Өмірбаев [т.б.]. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір». 2012. – 640 б.

43. Омирбаев С.М. Государственный бюджет [Текст] : учебник для студ. вузов, магистрантов и преп. / С.М.Омирбаев [и др.]. – Алматы: ТОО РПИК «Дәуір». 2011. – 632 с.

44. Ұлттық экономика [Мәтін] : оқулық / ред. А.В.Сидорович., Ә.Ә.Әбішев. – Алматы: Экономика.2010. – 528 б.

45. Федякина Л. Н. Международные финансы [Текст] / Л. Н. Федякина. - СПб : Питер, 2005. - 560 с.

**Интернет көздері:**

[www.akorda.kz](http://www.akorda.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)

[www.minfin.kz](http://www.minfin.kz)

[www.government.kz](http://www.government.kz)

[www.minplan.kz](http://www.minplan.kz)

[www.afn.kz](http://www.afn.kz)

[www.stat.kz](http://www.stat.kz)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ

Жәңгір хан атындағы Батыс қазақстан аграрлық-техникалық  
университеті

«Есеп және қаржы» кафедрасы

**Эссе**

«Шет мемлекеттерінің қаржысы» пәні бойынша

Тақырыбы: «Бюджеттен тыс қорлар және олардың Ресей  
Федерациясының қаржы жүйесіндегі орны»

Орындаған: БФ-31 топ студенті  
Магазова Ф.

Тексерген: э.ғ.м., аға оқытушы,  
Абдешова А.Ш.

Орал 2015

Абдешова Альберта Шынболатовна, э.ғ.м., аға оқытушы

5B050900 – «Қаржы» мамандығының студенттеріне арналған  
«Шет мемлекеттердің қаржысы» пәнінен эссе орындау бойынша

### **ӘДІСТЕМЕЛІК НҮСҚАУ**

**Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық  
университетінің редакциялық - баспа бөлімі**